

Стандарттау және сертификаттау мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер енгізу және күші жойылған деп тану туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1995 жылғы 13 қыркүйектегі N 1259. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.04.17. N 367 қаулысымен.

"Стандарттау және сертификаттау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 22 мамырдағы N 2298 қаулысын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Стандарттау мен сертификаттау мәселелері жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне шешуге енгізіліп, қоса беріліп отырған өзгертулер б е к і т і л с і н .

2. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақ ССР-інде тамақ және ауыл шаруашылығы өнімдерінің кейбір түрлерін сертификациялауды енгізу туралы" Қазақ ССР Министрлер Советінің 1990 жылғы 16 қазандағы N 417 қаулысы (Қазақ ССР ҚЖ, 1991 ж., N 1, 4-бап);

"Стандарттау, сертификаттау және өлшем бірлігі мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерін өзгерту және күшін жойған деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 3 шілдедегі N 566 қаулысымен бекітілген өзгертудің 2-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 26, 321-бап)

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 13 қыркүйектегі
N 1259 қаулысымен
бекітілген

Стандарттау және сертификаттау мәселелері жөнінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне енгізілетін өзгертулер

1. "Қазақстан Республикасында стандарттар мен техникалық шарттардың сақталуына мемлекеттік қадағалау туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 20 мамырдағы N 410 қаулысымен бекітілген Ережеде (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 18, 215 - бап) ;

мәтіндегі "Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Стандарттау және метрология жөніндегі Бас басқармасы (Қазбасстандарт)", "Қазбасстандартта", "Қазбасстандарт" сөздері "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитет (Қазақстан Республикасының Мемстандарты)", "Қазақстан Республикасының Мемстандарты" сөздерімен алмастырылсын;

9 тармақтың :

он сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Заң бұзушы 15 күн ішінде ерікті түрде орындамаған стандарттау және сертификаттау туралы заңдарды бұзғаны үшін белгіленген сомаларды заңды тұлғалардан өндіріп алуға арналған ұйғарымның барлық түрлерін Қазақстан Республикасы Мемстандартының аумақтық органдары қадағалау объекті орналасқан жердегі салық инспекциясына - орындау үшін және кәсіпорынның есебі сақтаулы банкке - Қазақстан Республикасында ақшасыз есептеулерді жүргізу тәртібіне сәйкес шараларды қабылдау үшін жолдайды";

ЕСКЕРТУ. 1-тармақтан 4, 7-10-абзацтар алынып тасталған - ҚР Үкіметінің 1997.04.08. N 505 қаулысымен.

2 . < * >

3 . < * >

Ескерту. 3-тармақ күшін жойған - ҚР Үкіметінің 1996.02.21. N 225 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1997.08.15. N 1260 қаулысымен.